

## 2022-2023 оқу жылындағы Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің

### 4 «В» сынып оқушыларымен жыл бойы жүргізілген тәрбие жұмысына талдау.

2022-2023 оқу жылында 4 «В» сыныбында 20 оқушы болды. Ері-10, қызы-10. Жыл басында тәрбие жоспары, ата-анамен жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Тоқсан бойы тәрбие сағаттары жоспар бойынша өткізілді. Жолда жүру ережелері, қосымша бағдарлама тақырыптары қамтылды. «Терең білім, еңбекқорлық пен отаншылдық қасиет» атты алғашқы білім күніне арналған жаппай тәрбие сағаты өткізілді. Оқушыларға Отанды қорғау, еңбекқорлыққа тәрбиелену барысында әңгіме жүргізілді. «А.Байтұрсыновтың туғанына 150 жыл», «Мұхтар Әуезовтың туғанына 125 жыл» тәрбие сағаттарында ақындардың еңбектері, ғылымға қосқан жаңалықтары туралы айтылып, дәріс сабағы өткізілді.

Сонымен қатар қазан айында тойланатын қос мерекесі туралы айтылды. Ұстаздар күні тақырыптық сыныптан тыс шаралар, «Бар мейіріміз балаларға» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. «Білім алушылардың топпен және қатармен жүру ережелері?» атты ЖЖЕ сабақтың мақсаты балаларды жолдағы қауіпсіздіктерін сақтауға бағыт берді. Белгілер туралы айтылып, жол ережелері еске түсірілді. «Қазыбек бидің 355 жыл» тақырыбында әңгімеленді. Балаларға данқты тұлғалардың еңбектері таныстырылды. Шығармалары талқыланды. Посттер жасап, оны топта талқылады. «Д.Қонаев – қазақтың қайраткері» тақырыбында танымдық сабақтар өтті.

«Тәуелсіздік таңы атқан күн» тақырыбында мектепшілік апталыққа сынып та, ата-аналарым да белсене қатысты. Осы шараға байланысты сынып сағаты өткізілді. 4- кластар арасында патриоттық әндерден челлендж ұйымдастырылып жолданды. Ата-ана арасындағы байланысты нығайту жолындағы спорттық сайысқа да ата-аналарым қатысып, жүлделі орындарға иеленді. Сынып оқушылары білімдерін де көрсетіп, түрлі олимпиадаларға қатысып, жүлдегерлер болды. Тоқсан ішінде өткізілген мектепшілік шараларға оқушылар белсенділікпен қатысып, әлеуметтік желілерге жүктелді. Сонымен қатар тоқсан қорытындыланып, «кітап сарқылма қазына» мәнерлеп оқу сайысы сабағы өтті. Ата-аналарға қорытынды хабарланып, жиналыс өткізілді. Түрлі тренингтер арқылы ата-аналарға бала тәрбиелеудегі олқылықтарға бой алдырмау жақтары баяндалды.

Тәрбие бағыттарына сәйкес «Салт-дәстүрім таусылмайтын байлығым», «Отбасыдағы әке мен ананың рөлі», «», «Тәуелсіздік таңы атқан күн», «Қазыбек бидің - 355 жыл», «Салт-дәстүрім таусылмайтын байлығым», «Бар мейіріміз балаларға», «Ана-өмір шуағы» тақырыбында тәрбие сағаттары, Р. Бағланованың 100 жылдығына, қазақтың батыр қызы - М. Мәметованың 100 жылдығына танымдық сабақтар өткізілді. Аталған тақырыптардағы тәрбие жұмыстары оқушы бойында өздеріне сенімділік қасиеттері мен ойларын дәлелдей алу, өз бетінше ізденуге ұмтылу, бағыт-бағдарларын анықтау тәрізді түйсіктерін оята алды.

«Бала тәрбиесі - ортақ іс», «Ата-ана мақтаншы-бала» тақырыбында ата-аналармен жиналыс өтті. Мақсаты: ата - ананың өмірге деген көзқарасын өзгерту, ата - аналарды балаларға жауапкершілікпен қарауға шақыру, баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту. Жиналыс психологиялық тестпен басталды. Топқа бөлініп, қазіргі бала, ата-ана, ұстаз қандай болу керектігі туралы ойларын білдірді. Бала тәрбиесі туралы өз тәжірибелерімен бөлісті.

Жыл бойына жоспарланған тәрбие іс-шаралары толық орындалды.

Сынып жетекшісі:  К.Т.Сәлиева